



## «22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні»

Posted on [Октябрь 10, 2017](#)

Қытайтану кафедрасы оқытушысы

Бодау Г.

Арзыкулов А.А.

Сапанов С.Ж.

### **Шығыстану факультетінде «22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» мерекесі атап өтілді**

1989 жылы қыркүйектің 22 күні Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданып, бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі — қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық тіл деп бекітілгенеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, елімізде бұл күн елеулі мерекелердің біріне айналды. Жыл сайын «22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» мерекесі республиканың түкпір-түкпірінде аталып келеді. Білім саласының киелі қарашаңырағы — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде де тілдер күніне орай әртүрлі қызықты мерекелік шаралар өткізуде сүргейіне айналған. Осы дәстүрдің жарқын бір көрінісі –

Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне арналған қытай тілінде шығарма жазу сайысы және университетіміздің студенттік ұйымдарының белсенді бастамасымен өтетін «Бауырсақ party» деп атапайтуға болады. Бауырсақ party-іс-шарасына қатысушылар қазақ тілінде түрлі мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ айтып, бауырсақ әні бола алады. Мақсат, әрине, жастардың тіл байлығын молайту, шешендік өнерге баулу. Осы арқылы қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, мерейін үстеметуге атсалысу. Қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген қытай тілінде шығарма жазу сайысына қатысушылар қарасы жылдан-жылға көбейіп, көлемі кеңейіп келеді. Биылғы сайыста жалпы саны 37 шығармасы арқап салынып, кафедра профессорларынан жасақталған қазылар алқасының шешімімен 12 шығарма екінші кезеңге сараланып, 22 қыркүйек күні қазылар алқасының алдында қорғалды. Нәтижесінде үздік деп танылған 6 шығарма жүлделі орынға ие болды. Үш үшінші орынды: Бұрхан Баян, Шарипова Камила және Мәди Дана өзара бөлісті. Жүлделі екінші орын иегерлері ретінде Мурзагельдина Лаура мен Бажығалиева Айя аталды. Ал жарыс жеңімпазы 4 курс студенті Азбаева Арай.

Жүлдегерлерге мақтау қағаздары

мен

құнды сыйлықтар табысетілді.



Тіл – әр ұлттың қазынасы, ұрпаққа қалдырар мұрасы. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қолдану аясын кеңейтуге өз әлімше үлес қосу әр біразаматтың борышы десе қартық болмас. Қазақ тілі - шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты тіл. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Мәңгілік ел» болу идеясына белсенді үн қосып келе жатқан Қытайтану кафедрасы мұндай салиқалық шараларды алдағы жылдарда да тіпті де дамытатүсуді жоспарлап отыр.

Қытайтану кафедрасы оқытушысы

Бодау Г.

Арзыкулов А.А.

Сапанов С.Ж.

Поделиться ссылкой:

- [Нажмите, чтобы поделиться на Twitter \(Открывается в новом окне\)](#)
- [Нажмите здесь, чтобы поделиться контентом на Facebook. \(Открывается в новом окне\)](#)
- [Нажмите, чтобы поделиться в Google+ \(Открывается в новом окне\)](#)
- 

Похожее

[Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің заң факультетінің заңгер мамандарды даярлаудағы ролі мен тарихы](#) Февраль 28, 2016В "Заң - заман"

Сайфулла Сапанов <cefosh1@mail.ru>